


Сабақтың тақырыбы:

**«Алгоритм және оның
атқарушылары. Алгоритмнің
өрнектелу жолдары»**



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушылардың алгоритм, атқарушы ұғымы, алгоритмнің қасиеттері, алгоритмнің жазылу түрлері туралы білімдерін қалыптастыру, алгоритм құруға үйрету.

Дамытушылық: Оқушылардың ой-өрісін дамыту, танымдылыққа, ізденімпаздыққа баулу, шығармашылық қабілетін, белсенділігін, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелік: Оқушыларды жүйелікке, бірізділікке, ұқыптылыққа, уақытты тиімді пайдалануға тәрбиелеу.

Сабақтың типі: аралас сабақ

Сабақ әдісі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау, жеке жұмыс, топпен жұмыс, шығармашылық жұмыс, практикалық жұмыс.

Сабақта қолданылатын көрнекті құралдар: ДК, проектор, интерактивті тақта, электронды оқулық, карточкалар

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. Үй жұмысын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

IV. Практикалық жұмыс

V. Сабақты бекіту.

VI. Бағалау.

VII. Рефлексия.

Үй тапсырмасы


"Лото" ойыны






Операциялық жүйенің
құрамына кіретін
компоненттерді ата

Аксесуарлар (диск, тышқан,
принтер) және қолданбалы
программалар (графикалық,
мәтіндік, кестелік редакторлар,
ойындар)




Драйвердің атқаратын қызметі?

Драйвер-компьютердің құрамына кіретін әр түрлі құрылғыларды басқаруға арналған арнайы программа




Интерфейс дегеніміз не?

Пайдаланушы
компьютермен
байланысып, қарым-
қатынаста болатын
ыңғайлы қабық.




**Бір тапсырмалы
операциялық жүйе
дегеніміз не?**

Бір тапсырмалы
операциялық жүйелер
пайдаланушыға бір
программаны жүктеуге
мүмкіндік береді



Көптапсырмалы операциялық жүйе дегеніміз не?

Көптапсырмалы
операциялық жүйелер
пайдаланушыға бір мезгілде
бірнеше программаны
жүктеуге мүмкіндік береді



Операциялық жүйе
дегеніміз не?

Компьютердің жұмысын
басқаратын басты программа



1946ж. ЭЕМ-нің жұмыс
атқару принципі мен
құрылғыларын толық
көрсеткен ғалым ...

Американ математигі
Джон Фон Нейман



Сабақтың тақырыбы:

**«Алгоритм және оның
атқарушылары. Алгоритмнің
өрнектелу жолдары»**





Алгоритм атауы атақты араб математигі Әбу Жафар Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми есімінің латынша Algorithmi (Алгоритми) болып жазылуынан шыққан.

**Алгоритм дегеніміз- іс
әрекеттің рет-ретімен
орындалуы.**


Атқарушы түсінігі

Алгоритм атқарушысының рөлін адам немесе автоматтандырылған құрылғы: компьютер, робот және т. б. орындайды.

Алгоритм орындалу барысында атқарушы қандай нұсқау келесі орындалу керектігін біледі. Атқарушы орындай алатын командалардың жиынын атқарушы командалар жүйесі деп атаймыз.

Сонымен, алгоритм атқарушысы алдын-ала қойылған әрекеттерді орындап, нәтижеге жететін адам, компьютер немесе техника болуы мүмкін. Егер есепті шешу үшін техникалық құралдар пайдаланылса, орындалатын әрекеттер тізбегі нақты және түсінікті болу керек. Қаншалықты әрекеттер түсінікті де, нақты болса, соншалықты нәтижеге жету тез және дұрыс болады.

**Электронды
оқулықтан
тапсырма**



**Үзіктілік
қасиеті**

**Жалпылық
немесе
ортақтық
қасиеті**

**Алгорит
м
қасиетт
ері**

**Нәтижелік
қасиеті**

**Айқын, дәл
өрнектелу
қасиеті**

Алгоритм жазылу жолдары







Табиғи
тіл

Түйінді
сөздер

Графиктік
жол


Программалау
тілі

Алгоритмді блок-схема түрінде жазуда қолданылатын геометриялық фигуралар

№	Таңбаның атауы	Таңба	Атқаратын қызметі
1	Басы-соңы (кіру-шығу)		Алгоритмнің басы мен соңын, көмекші программаға кіру мен шығу
2	Есептеу блогы (процесс)		Есептеулер немесе есептеулер тізбегі (ақпаратты өңдеу)
3	Логикалық блок		Шартқа байланысты алгоритмнің орындалу бағытын таңдау
4	Енгізу-шығару блогы		Берілген деректерді енгізу және нәтижені жауапқа шығару
5	Циклдік немесе параметрлі қайталану блогы		Қайталану процесстерінің саны белгілі болған жағдайда қолданылады
6	Нұсқама		Байланыс бағытын көрсету



Сәйкестікті орындаңыз
(электронды оқулықтан 5 тапсырма)




IV. Практикалық жұмыс.




1. Үш көзді батыр,
Жолды аңдып жатыр.

2. Керек санды тересің,
Елге сәлем бересің.



V. Сабақты бекіту

(Тест тапсырмасы)



VI. Бағалау.

«5»-20-17 балл

«4»-16-13 балл

«3»-12-9 балл



Үйге тапсырма:

Берілген тарапта
қағаздағы мәтін
бойынша
конспект жазу.

*Тапсырма 3.1, 3.3,
3.5 (алгоритм құру)*

VII. Рефлексия. «Білім ағашы»



**Назарларыңызға
рахмет!**

